

## **Аңдатпа**

Бұл дипломдық жоба «Оқшаулама материалдары азайтылған трансформаторды жобалау» тақырыбына орындалған. Оған келесі бөлімдер кіреді: негізгі бөлім, жылуды жобалау бөлімі, арнайы бөлім, өміртіршілік қауіпсіздігі және экономикалық бөлім.

Негізгі бөлімде үш орамалы трансформатордың негізгі электрлік шамалары мен магнит жүйесі есептелінген.

Жылуды жобалау бөлімінде жылу есептері, салқындату тәсілі және бактың геометриясы есептелінді.

Арнайы бөлімде оқшаулама арақашықтығы азайтылған трансформаторды есептеу жүргізіліп, оның сипаттамалары көрсетілген.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде трансформаторды жермен қосу есебі келтірілді.

Экономикалық бөлімде трансформаторлық қосалқы станцияға жаңа үш орамалы трансформаторды қоюдың экономикалық тиімділігі көрсетілген.